

Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі

«Қазгидромет» РМК



2026 ж. «01» шілдеге арналған

**Қазақстан Республикасының таулы аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел
қауіптілігінің күнделікті бюллетені №40**

(бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2026 жылғы 30 маусым сағат 20:00-ден 01 шілде сағат 20:00-ге дейін)

құрастырылған күні: 30.06.2026 ж.

Мекен жайы: Алматы қ., Абай д., 32
Астана қ., Мәңгілік ел д., 11/1

Сел үдерістерін зерттеу және
селді болжау басқармасының
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Сагадиева М.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

2026 жылғы «01» шілдеге

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Қар жамылғысы 3800 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 4605 м биіктікте болды. Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,8-2,5 °С өсті, биік таулы аймағында – 1,5 °С. Орта таулы аймағында топырақ ылғалдануы жоғары. Өзендердегі су деңгейінің едәуір өзгеруі байқалмайды. Жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Іле Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендері алаптары үшін, сел қалыптастырушы факторлардың критериалды мәндеріне жеткен кезде, дауылды ескерту берілетін болады. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз.
	Күнгей Алатауы	Қар жамылғысы 4100 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (27 маусым жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,8 °С өсті. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай көтерілуі байқалмайды. Кей уақытта жаңбыр (1-14 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Теріскей Алатау	Қар дақтары 4300 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (27 маусым жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 2,1 °С өсті. Өзендердегі су деңгейі өзгеріссіз. Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Жетісу	Жетісу Алатауы	Жетісу Алатауының батыс бөлігінде қар жамылғысы 3700 метрге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда, солтүстік бөлігінде – 3900 метрге жуық және одан жоғары, солтүстік-шығыс бөлігінде – 3800 метрге жуық және одан жоғары, ал оңтүстік бөлігінде – 3900 метрге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда (27 маусым жағдайында). Жетісу Алатауының солтүстік-батыс бөлігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 4,4 °С өсті; батыс бөлігінде – 3,3 °С. Өзендердегі су деңгейінің едәуір өзгеруі байқалмайды. Жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, бұршақ. Жетісу Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Қар жамылғысы 3700 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (27 маусым жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,6 °С төмендеді. Өзендердегі су деңгейінің едәуір өзгеруі байқалмайды. Кей жерлерде жаңбыр (3-8 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Талас Алатауы	





Түркістан	Талас Алатауы	Қар жамылғысы 3700 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (27 маусым жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 2,0 °С төмендеді. Өзендердегі су деңгейі өзгеріссіз. Өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай, дауыл. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	Қар жамылғысы 3800 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (27 маусым жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 2,0 °С төмендеді. Өзендердегі су деңгейі өзгеріссіз. Түнде өткінші жаңбыр (1-6 мм), найзағай, дауыл. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,6 °С төмендеді. Кей жерлерде жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Маңғыстау тауларында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
Абай	Тарбағатай	Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,1 °С өсті. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай төмендеуі байқалмайды. Күндіз жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Қар дақтары 3500 м биіктіктен жоғары жатыр (27 маусым жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 3,4 °С өсті. Күндіз жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Қазақстандық Алтай	Қар дақтары 2500 м биіктіктен жоғары жатыр (27 маусым жағдайында). Қазақстандық Алтайдың солтүстік-батыс бөлігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 0,5 °С төмендеді; оңтүстік-шығыс бөлігінде 0,3 °С өсті. Өзендердегі су деңгейінің едәуір өзгеруі байқалмайды. Түнде кей жерлерде жаңбыр (1-2 мм), найзағай, күндіз жаңбыр (1-8 мм), найзағай, кей жерлерде бұршақ, дауыл. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.

Бюллетеньді құрастыру кезінде «Қазгидромет» РМК бөлімшелерінің деректері мен ақпараттары, Жер туралы ғылымдар орталығы (GFZ) Потсдам, Германия ұсынған MODSNOW құралы пайдаланылады

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	<p>Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 30 мм (өте қатты жаңбыр) немесе нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 40 мм</p>	<p>Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп</p>	<p>Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)</p>	<p>Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп</p>	<p>Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)</p>	<p>Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп</p>	<p>Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.</p>
	<p>Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.</p>	<p>Қауіптілік жоқ</p>	<p>Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу</p>

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2026 жылғы «01» шілдеге
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Оңтүстік-батыстан жел соғады 9-14, екпіні 15-20, кей уақытта 25 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 15-20 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 8-13 градус жылы.
Күнгеі Алатау	Кей уақытта жаңбыр (1-14 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады 9-14, кей жерлерде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 18-23 градус жылы.
Теріскей Алатау	Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады 9-14, кей жерлерде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 20-25 градус жылы.
Жетісу Алатау	Жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, бұршақ. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, екпіні 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 18-23 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 13-18 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Кей жерлерде жаңбыр (3-8 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 25-30 градус жылы.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Кей жерлерде жаңбыр (3-8 мм), найзағай, бұршақ, дауыл болады. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 25-30 градус жылы.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай, дауыл. Оңтүстік-батыстан соғады, күші 8-13, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 9-14, күндіз 19-24 градус жылы.
Өгем жотасы	Түнде өткінші жаңбыр (1-6 мм), найзағай, дауыл. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 22-27 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Кей жерлерде жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде екпіні 15-20, кей уақыттарда 23-28 м/с. Ауа температурасы түнде 17-22, күндіз 22-27 жылы.
Сауыр	Күндіз жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел оңтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, кей жерлерде 10, күндіз 25-30, кей жерлерде 20 градус жылы.
Тарбағатай	Күндіз жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жел оңтүстік-батыстан, батыстан соғады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 16-21 градус жылы, күндіз 32-37 градус қатты ыстық.
Қазақстандық Алтай	Түнде кей жерлерде жаңбыр (1-2 мм), найзағай, күндіз жаңбыр (1-8 мм), найзағай, кей жерлерде бұршақ, дауыл. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел оңтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 14-19 градус жылы, күндіз 31-36 градус қатты ыстық, кей жерлерде 24 градус жылы.